



ТӨЛЕ БИ - ҚАЗАҚ ТАРИХЫНЫҢ БИГІ

УДК 94(574)
ББК 63.3 (5 Қаз)
Т 65

Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігі
М.О.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті
Төле би қайырымдылық қоғамдық қоры

Редакция алқасы: Н.Қапалбекұлы, К.Айдарбекова, Б.Алтаев,
Н.Омаров, М.Миразов.

Ғылыми жинақ «Сұраншы батыр» атындағы Тұлғатану
зерттеу орталығында дайындалды.

ТӨЛЕ БИ - ҚАЗАҚ ТАРИХЫНЫҢ БИІГІНДЕ
«Қазақ мемлекетінің тұтастығы мен дамуындағы әз Төле
бидің тарихи қайраткерлік рөлі» (тарихи ізденіс, жаңаша
зерттеу, жаңа көзқарас): атты республикалық ғыл.-тәж.
конф. материалдары.
-Шымкент: «КІТАП» ЖШС, 2013, - 436.

ISBN 978-601-7401-35-2

Бұл жинақта XVII ғасырдың аяғы мен XVIII ғасырдағы Қазақ мемлекетінің тарихында аса көрнекті рөл атқарған мемлекет қайраткері Төле би Әлібекұлының 350 жылдық мерейтойына арналған республикалық ғылыми конференцияда жасалған баяндамалар, толғаулар ұсынылып отыр. Жинаққа енген баяндамаларда Төле бидің Қазақ елінің тәуелсіздік жолындағы жасампаз ерлігін оның тұлғалық, азаматтық қасиеттері жан жақты зерделенген. Бұл жинақ Қазақстан тарихын, әдебиетін, философиясын, педагогикасын зерттейтін ғалымдарға, магистранттарға және көпшілік оқырмандарға арналған.

УДК 94(574)
ББК 63.3 (5 Қаз)

ISBN 978-601-7401-35-2

© «КІТАП» - 2013



«Өрпабасы биігінде бар қазақтың басын қосын, тірі қалу үшін ірі болу керектігін, ірі болу үшін бір болу керектігін ұрпақтан ұрпаққа ұқтырып кеткен ұш ұлы биіміз - Төле би. Қаз дауысым Қазыбек би, Әйтеке би – алыбым қазақтың бар баласының азаматтығын мұраи тұтуын қамдаған».

Н.Ә.Назарбаев

тарихымызға әлі де болса еуроцентристік көзқараста баға беру ауруынан айырыла қоймағанымызға айқын дәлел.

Риторика бойынша керемет деп жүрген Демосфен, Цицероннан бастап барша шешен атаулылардан біздің би-шешендер секілді «қара қылды қас жаратындай билік айтатын» тура да дәл шешімнен тұратын даналықты таба алмайтынымыз анық. Шешен-ақ шығар, бірақ біздің билердей «аттың жалы, түйенін қомында» жүріп билік айтатын заманға тап болса, олардан атықты боларына күмән көп. Мысалға Қаз дауысты Қазбектің жоңғар ханына барып тұтқындағы жұртты «Біз қазақ деген ең жатқан елміз, Елінің шетін жау баспасын деп найзасына үкі таққан елміз» деп басталатын шешендік сөзі арқылы елді жаудан босатып әкеткен ділмарлығына сай келетін шешендікпен салыстыратын бірде бір дәлелді барша әлемнен таба алмайтынымыз анық. Сондықтан белгілі бір шағын оқиға, даулы мәселе, сот секілді жағдайларда айтылған тапқырлық сөздерді айтушыларды да «от тілді, орақ ауызды» ділмарлар қатарына апарып қосып, кейбір ру-атаның «дүлдүлі» санап артық кетіп жатқан жағдаяттар да кездесіп қалып жүр. Одан ата-бабамыздан қалған қасиетті шешендік өнердің абырайы асқақтай қоймасы анық. Сондықтан қазақтың тұтастығын, ұлттық қасиеттегі болмыс-бітімін сақтап қалу жолында баға жетпес байлық сипатындағы шешендік өнерімізді келер ұрпаққа табиғи калыпында жеткізу бағытын тереңдете зерделеуіміз қажет.

Әдебиеттер:

1. Дәуітұлы С., Қалижанұлы У. Төле бидің шешендік мұрасы. // Төле би – қазақтың данағөй Абызы. Қарағанды, 2013.
2. Мәметова Ә. Қазақтың шешен-билерінің сөздері және қазақ әдебиетінде алатын орны. Алматы: КҚӘБ, 1945.
3. Фонвизин Д.И. Об ораторском искусстве. М., 1973.
4. Құдайбердиев Ш. Шығармалары. Алматы: Жазушы, 1988.

ТӨЛЕ БИДІҢ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ САЯСИ ОРНЫ МЕН РӨЛІ

НӘБИЖАН МҰХАМЕТХАНҰЛЫ
Тарих ғылымдарының докторы, профессор
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Алматы

(Қытай құжаттары негізінде)

Төле би Әлібекұлы - XVII-XVIII ғасырлардағы қазақтың ұлы тарихи тұлғаларының бірі және бірегейі. Төле бидің қазақ қоғамындағы саяси орны мен рөлі оның нақтылы қызмет пен сенберінен әлде қайда жоғары, әлде қайда зор болғанын оның атқарған қызметтерінен байқауға болады.

Төле би қазақтың жоғары элитасына өзінің тәбиғатына туа біткен дарындылығымен, турашыл әділеттілігімен, ақпа-төк шешендігімен көтерілген саяси тұлға. Сондай-ақ ол қазақ қоғамында тура бидің үлгі-өнегесін көрсетіп, әділеттіліктің ақ жолын дәріптеген ұлы гуманист парасат иесі. Сондықтан Төле биді терең зертеудің ғылыми-теориялық маңызы да, тәжірибелік құндылығы да жоғары деп санаймын.

Төле би Әлібекұлы өзақ өмір сүрген, қазақтың ең күрделі қоғамдық үдерісін басынан кешкен адам екені белгілі. Бірақ ол ғасырға жуық ғұмырында тек тарихтың куәгері ғана болған жоқ, сонымен қатар қазақтың қоғамдық саяси істеріне белсене араласқан, тіпті, жоғары билік элитасында маңызды саяси рөл атқарған тұлға ретінде танылған қайраткер. Ұлтымыздың, мемлекеттіміздің тағдыры қыл үстіне келген шақта, Төле биді қамтыған қазақ элитасының қабылдаған саяси шешімдері мен айтқан биліктері халқымызды қауіп-қатерлерден сақтап қалды немесе тығырықтан шығуға жол ашып отырды.

XVIII ғасыр қазақ элитасы үшін ең ауыр сындарлы ғасыр болғаны белгілі. Алайда қазақ билеушілерінің аса маңызды кезеңдерде қабылдаған шешімдерінің дұрыс болып отырғанын тарих дәлелдеді. Мысалы, «Ақтабан шұбырынды, Алқалы сұламадан» кейін, 1726 жылы Төле бидің қатысуы Күлтөбенің басында өткен құрылтайда қабылдаған үш жүздің жасағы бірлесіп жауға аттану шешімінің тарихи дұрыстығы дәлелденген ақиқат

болды. Сол шешім бойынша жүргізілген ұрыстар қазақ даласына ендеп кірген қалың жоңғар қолын ығыстырып, халқымыздың басына төнген қауіпті сейілткені мызғымас шындық.

Ал Абылайды Жоңғар тұтқынынан құтқару үшін Төле бидің өзі бастаған тоқсан адамдық елшінің баруының тарихи маңызы айырықша болған белгілі.

XVIII ғасыр ортасында Жоңғар хандығын қырып-жойған Цин империясы, Әмірсананың жақтаушыларын тұтқындау үшін, мұздай қаруланған қалың қолын қазақ даласына аттандырып, халқымыздың өміріне үлкен қауіп төндірген еді. Осы бір тарихи шешуші шақта, Абылай хан Цин империясына қарумен қарсылық көрсету және мәселені дипломатиялық жолмен шешу саясатын қолданып, ел басына төніп келген қатерді сейілткен еді, сондай-ақ ол Қазақ хандығын Цин империясына мойындатып, олармен ресми дипломатиялық қатынас та орнатты. Осы бір тарихи шешуші кезде жалпы қазақ элитасы саяси көрегендік танытты. Солардың бірі және бірегейі Төле би болды.

Төле би Әлібекұлы XVIII ғасырдағы Қазақ хандығының саяси элитасында аса маңызды рөл атқарушы тұлғаларының бірі болғанын Қытайдың жазба құжаттары да анықтайды. Мұндай материалдарды біз XVIII ғасырда қазақ даласына барған, барғанда да Ташкентке дейін жетіп, қоғамдық жағдайды көзімен көрген Цин империясының әскери шонжарларының мәліметтерінен де, және жалпы қазақ туралы жазылған тарихи-географиялық дерек көздерінен де көре аламыз.

Цин империясы ордасына келіп түскен күндерлік хаттамалар «Qing shi lu-«Цин патшалығының Орда естеліктеріне»-деген атпен белгілі. Осы жазба құжаттарға сүйене отырып жазылған (1782 ж.) тарихшысы Фу Хэның «Патша өзі тексеріп бекіткен Батыс өңір деректемелері» атты 52 томдық қолжазбаның 44 томы «Сырттай тәуелді болғандар» деп аталған. Соның «Оңқанат қазақтар (Ұлы жүз қазақтары-Н.М.)» деген бөлімінде: «Ұлы жүз қазақтарының шығысынан Орта жүз қазақтарына дейін 2 мың ли (1 ли - 500 м. келеді - Н.М.). Қазақтардың солтүстігі Орыс шекарасына тіреледі. Батыс Оңтүстігі Ташкентке дейін. Онда тұратын руларды «Ұлық жүз» - деп атайды. Олардың ханы Әбілпейіз. Оның үш батыры бар, олардың аттары: Төле би, Қойкелді және Сасықбай. Әбілпейіз Ташкент қаласында тұрады, іс басқармайды, оның тек атағы ғана

бар. Іс жүзінде оның саяси істерін басқаратын бірден бір адам - Төле би. Олардың әдет-ғұрыптары Орта жүз қазақтарымен негізінен ұқсас келеді. Олардың жерлері ежелгі Қаңлы мемлекетінің батыс өңірі» - деп жазылған. Бұл деректен Төле бидің тек сот қызметін атқаруы би ғана емес, сонымен қатар ханның билігін жүргізуші бірден бір адам екендігін аңғаруға болады. Мүмкін Төле бидің төрелігінің әділдігі оның хан билігін жүргізуге жағдай жасаған болуы керек.

Ал Цин империясының Әскери кеңесіне келіп түскен мәліметте былай айтылады: «Уәзір Фу Дэ әскерлерін бастап сұмырай Қазақшираны (Әмірсананың жақтасы - Н.М.) ұстап әкелу үшін Ұлы жүз жеріне барды. Олардың әскерлері Маңгіт қаласының шетіне жеткенде, Төле би қатарлылардың Ташкенттегі Тұрғанжанмен соғысып, бір-бірін алалмай жатқанын біледі. Олар соғысты тоқтатып, елді тыныштандырады. Оған Төле би қатарлылар қатты әсерленді әрі үрейленді. Сонымен олар әскерлерімізге тарту-таралғы әкеліп, ат сыйлады. Цияньлун патшаның 23 жылы (1758 ж.), Төле би баласы Жоланды, Қойкелдінің інісі Мұсырманды патшамен кездесуге астанаға жіберді». Бұл мәліметтен қытайлық сарынды байқаймыз. Тарихтағы Қытай патшалықтары қашан да өздерін басқаларды жарылқаушы, жақсылық жасаушы етіп көрсетіп, сол «мейіріміне» басқалар еміреніп әсерленіп өздеріне қарап кеткен етіп жазады. Ал іс жүзінде ол оқиға Абылай ханның қабылдаған саяси шешімімен тікелей байланысты еді. Сондықтан Ұлы жүздің билеушілері де үлкен саяси көрегендік танытып, Цин империясымен бейбіт дипломатиялық тәсілмен өзара қарым-қатынас орнату саясатын ұстанғанын атап айтуға тұрады. Бұл шешімде Ұлы жүздегі Төле би Әбілпейізбен бірлесе отырып қабылданғаны белгілі. Бұлай дейтініміз, дәл осы оқиғаға байланысты Цин патшалығы ордасына келіп түскен және бір мәліметте: «... Ұлы жүз қазақтарының Әбілпейізі сол күні елші жіберіп, тарту-таралғы ұсынып, хат жолдады. Оның хатында: Ұлы жүздегі менімен Орта жүздегі Абылай ағайынды адамдар боламыз. Қазір олармен бірге сіздермен елдемесіз (қарым-қатынаста боламыз - Н.М.) - дейді. Оның жіберген елшілерінің барлығы ерекше сый-құрметпен еліне қайтарылды» - делінген. Бұл жерде Цин империясына елшіні Әбілпейіз жіберді делінгенімен, іс жүзінде жіберілген елшілер

басқа емес, сол Төле би баласы Жолан мен Қойгелдінің інісі Мұсырмандар екені белгілі. Цин империясының хатты Әбілпейізге жазуы – оның заңды хан екендігінде. Бірақ елші ханның баласы сұлтаннан емес, Төле бидің баласы болуы – Төле бидің Ұлы жүздегі саяси орны мен ықпалының жоғары болғанын аңғартады.

Цин империясының 1758 жылы қараша айында хатталған орда күнделігінде Цин патшалығының Ұлы жүз қазақтарындағы Әбілпейізге жіберген хатнамасы (грамотасы) кездеседі: «Патша Ұлы жүз қазақтарының ханы Әбілпейіз, Ханбаба қатарлыларға, сендер жіберген Жолан, Мұсырман қатарлылар Цингун сарайында (императордың жайлаудағы сарайы. – Н.М.) патшамен кездесті. Патша оларға мейірімділікпен қонасы берді. Одан соң олар астанаға барды, сол жерде оларға және қонақасы берілді. Әбілпейіз сендер шалғайда тұратын жат елсіндер, сондықтан сендер ескі әдет-ғұрыптарыңда (қоғамдық жүйеде. – Н.М.) бола беріндер, әрбір рулар өз жерлерінде тұрып малдарын бағып, тыныш болсаңдар, патша сендерге еселеп сыйлық береді. Барлық істі елші Жоланға айттық, ол қайтып барған соң одан Әбілпейізке жіберген бірнеше киімді тапсырып аларсыз. Жалпы сендерге бір мың лян (Лян – сәрі, бір лян 50 г. – Н.М.) күміс сыйлық жіберілді... Бұның бәрінен хабарлар болыңдар. Бұдан кейін ізгі ниетте болып, мәңгілік бақытқа бөленіндер. Бұл Ерекше жарлық» - деп жазылған.

Бұл құжаттан Цин империясының қазақтардан күтетіні шекара маңының тыныштығы екендігін және оларды «еселеп сыйлық» беру арқылы өзіне баурау екендігін көруге болады. Сонымен қатар, бұл деректерден Төле бидің қазақ қоғамында, нақтылап айтқанда Ұлы жүз ортасында аса беделді әрі нақтылы билік жүргізуші ірі саяси тұлға болғанын дәлелдейді. Сондықтан да Цин империясының әскери шонжарлары Төле биді қазақ саяси элитасының ықпалы тұлғалары ретінде оның іс-әрекеттерін патша ордасына әлімдегені белгілі.

XVIII ғасырда, Цин империясы Қазақ хандығын өзінің батысындағы ірі ел санаған болатын. Кезінде Қазақ хандығын «Іленің батысындағы «да го» – ұлы ел» - деп сипаттаған. Олар өздерінің тарихи жазбаларында қазақтарды географиялық және әкімшілік жүйесі бойынша «Оңқанат қазақтары (Ұлы жүз)», «Солқанат қазақтары (Орта жүз)» және «Батыс бөліктегі қазақтар»

(Кіші жүз) – деп, үшке бөліп баяндайды да, олардың «ханы Абылай» деп жазады. Сондықтан да олар қазақ жөнінде негізінен Абылай ханмен санасқан және онымен дипломатиялық қарым-қатынастар мәселесін шешіп отырған.

Ал қазақтардың қоғамдық өмірі жөнінде жазылған деректерде: «Қазақтың жері ұланғайыр кең дала. Олардың байларында он мыңдаған ірі қара малы бар, ұсақ малдарында сан жоқ. Жазда жайлауға шығып қатар-қатар қоныстанып, бірін-бірі қонаққа шақырады, той жасайды, таң атқанша сауық-сайран құрады, домбыра шертіп, өлең айтысады, би билейді. Олардың киген киімдері өте әсем, киімдеріне күміс әшекейлер қолданады. Аттарының ер-тоқымдары да әдемі» - деп жазылған. Бұл тарихи шындық. Осыдан XVIII ғасырдағы қазақтардың әлеуметтік-экономикалық тұрмыс бейнесін көруге болады. Демек, XVIII ғасырдың соңғы жартысында қазақтың әлеуметтік экономикасы айтарлықтай дамыған.

Қорытып айтқанда, жоғарыда келтірілген деректерден Төле бидің қазақ қоғамындағы саяси орны мен рөлінің аса маңызды болғандығын және оның шешуші кездердегі билік шешімдерінің қазақ қоғамының дамуына белсенді рөл атқарғанын атап айтуға тиіспіз.

ТЕКТІЛІК – АСЫЛ ҚАСИЕТ

АЛТАЕВ БОЛАТТЕМІР

*Тарих ғылымдарының кандидаты, доцент М. Әуезов
атындағы ОҚМУ «Сұраншы батыр» атындағы Тұлғатану
зерттеу орталығының жетекшісі*

Талай қилы кезеңдерді бастан өткізген қазақ халқы аңсаған тәуелсіздігіне қол жеткізді. Елімізде бейбіт жолмен орнаған тәуелсіздік шын мәнінде, елінің азаттығы үшін күрескен қазақ елінің сан мыңдаған азаматтарының қасиетті ханының өтеуі еді. Өз тарихында өзгеге қиянат жасамай, басқа халықты бауырына тарта білген қазақ халқының пейілінің қайтарымы бейбіт Тәуелсіздіктің орнауы еді.

Тәуелсіздік жылдарында ескіні тастап жананы орнату жолында көптеген қиыншылықтарды жеңіп шықтық. Себебі, Елбасымыз

Мазмұны

А. И. МЫРЗАХМЕТОВ Жаңа тарихқа сүбелі үлес қажет	4
Ж. ЕРҒАЛИЕВ Ұлы даланың ұлағатты үні	7
А. ТШАНОВ Төле би және тәуелсіздік	16
Ж. МЫРХАЛЫҚОВ Ел бірлігі – асыл қасиет	23
У. ҚАЛИЖАН Данагөй	25
М. МЫРЗАХМЕТҰЛЫ Төле би апат заман арпалысында	38
Н. ҚАПАЛБЕКҰЛЫ Абыз бен аңыз	47
Б. ТОЙЛЫБАЕВ Мемлекеттік қызметкерлерді дайындаудағы казак билерінің құнды идеяларының алатын орны	61
М. ҚОЙГЕЛДИЕВ Төле би Әлібекұлының қоғамдық-саяси қызметі жөнінде	70
Б. РАХЫМОВ Төле бидің тағдыры мен тағлымы	80
Ж. СМАҒҰЛОВ Төле би және ұлттық руханият	88
Н. МҰХАМЕТХАНҰЛЫ Төле бидің қазақ қоғамындағы саяси орны мен рөлі	97
Б. АЛТАЕВ Тектілік - асыл қасиет	101
М. ҚОЖА, Г. О. БАЙСАРИЕВА Замандастары хан санаған Төле би	112
Б. КӘРІБАЕВ Төле би және ХҮІІІ ғасырдың І жартысындағы Қазақстан тарихының мәселелері	133
С. НҰРМҰРАТОВ Қазақ билерінің рухани бағдарлары	146
С. ҚУАШБАЕВ Қазақ даласының дара тұлғасы	156

Х. ЗИҒЕВ

Ценные данные о Тюлебии и Жулбарсе правителях большого жуза	159
А. МАХАЕВА Төле бидің қазақ-қыргыз қарым-қатынасындағы орны	166
М. МИРАЗОВ, М. КӨЛБАЕВ Тұлғалар тарихи сілкіністерде дараланады	179
Н. Р. МҰСАЕВА, Р. А. МҰСАЕВ Сөз “Сардары” Төле би болмысы туралы бір үзік сыр	186
Д. РАЕВ Төле би Әлібекұлының саяси-әлеуметтік көзқарастары	193
Б. СМАНОВ Әз Төле бидің имнадылық көзқарастары	203
С. С. САЙФУЛМАЛИКОВА Төле би орыс деректерінде: мәселеге жаңаша көзқарас	207
Қ. МАМЫТБЕК Төле бидің батасы	219
Ә. ІЛІЯС Төле бидің рухани құндылықтарының тәуелсіз Қазақстан қызметі жайында	228
С. ОРАЗАЛИЕВ Есенберлин І “Көшпенділер” роман-трилогиясындағы Төле би бейнесі	235
Т. СҮЛЕЙМЕНОВ, Г. АНЛАМАСОВА Степной цицерон	239
В. К. SAPARBAYEV, S. D. KHAMZAYEVA Tole bi - politician, diplomat, nomographer, tutor	245
С. МАЖИТОВ Феномен Толе - би	251
Н. МҰСАЕВА, Н. ИБРАЕВА Төле би даналығының толерантты сананы тәрбиелеудегі орны	256
Ғ. МАЙМАҚОВ Қазақ қоғамындағы билер институтының рөлі және Төле бидің мемлекеттік құқықтық көзқарастарының мәселелері	264
Қ. Б. КЕМЕЛБЕКОВ, Қ. БЕГДАУЛЕТОВА Төле бидің шешендік сөздерінің философиялық мәні	277

Қ. МҰСАЕВА	
Дала өркениетінің тұлғасы	285
А. БАЙШУАҚОВА	
Ақын-жыраулардың шығармаларындағы Төле би бейнесі	291
Н. МЫҢБАЕВА	
Өз Төле би ғұмырына байланысты тарихи есімдер	296
С. АЙКӨЗОВ, Э. ОРЫНБАЕВА	
Қазақ елінің құт биі - Төле би Әлібекұлы	307
С. ӨМІРЗАҚОВ	
Шешендік өнердегі Төле би дәстүрі	313
Б. ТІЛЕУБЕРДИЕВ, Қ. ОРАЗБАЕВ	
Билікте әділетке иманын серік еткен абыз	319
Н. ӘУБӘКІРОВ	
Төле бидің шешендігі хақында	324
Ә.С., ЕРКІНБЕКОВА, Б.Ө. ӨТЕГЕНОВ	
Төле бидің рухани мұраларындағы мәдени құндылықтар мәселесі	330
Ж. СМАҒҰЛОВ, ЕДІЛХАН ӨМІРТАЙ	
Шешендік сөздердегі Төле бидің ділмарлығы	335
К.ҚОҢЫРБАЕВА, М.БИЖАНОВА	
Төле би ой-толғауларының құндылықтық қырлары	343
Б. АРЫНҒАЗИЕВА	
Төле бидің танымдық тағылымдары	354
З. ЖАНТАСОВА, Р.КАЖИАҚБАРОВА	
Төле би мұрасының көркемдік-тағылымдық мәні	363
К. ОРАЗИМБЕТОВА	
Төле би мұрасы: таным, тағылым сипаттары	370
Р. ТҰРДАЛИЕВА	
Төле бидің түйінді сөздері және ондағы шешендік	374
Ж. ӘДІЛБЕКОВА, Ә. ӘЛІМҚҰЛОВ	
Төле бидің даналық ойлары мен өсиет толғауларының тақырыптық ерекшеліктері	379
А. ИСМАИЛОВ, Л. ОМАРБАЕВА, Ә. САБИРОВ	
Қазақ қоғамында Төле бидің саяси-құқықтық көзқарастарының алатын орны	384
Э. ТАУКЕБАЕВА, К. АБЕНОВ	
Политическая значимость личности Төле би для современного поколения казахстанцев	390

Б. АЙТАЙ	
Төле би - Ташкент қаласын жонғарлар шапқыншылығынан қорғаушы	394
Қ. ҚОСАНБАЕВ, С. ҚОСАНБАЕВ	
Төле би және дала дипломатиясы	399
Н. ҚОЙШЫБАЕВА, А. БАЙСЕИТОВА	
Қазақ билерінің ел дауын шешудегі кеменгерлігі	405
Қ. ЕРГӨБЕК	
Қарлығаш би атанған әзіз Төле	414